

Еуразиялық экономикалық одақтың экономикалық дамуының негізгі бағыттары туралы

Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңестің 2015 жылғы 16 мамырдағы № 28 шешімі

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одақтың экономикалық дамуының негізгі бағыттары (бұдан әрі – Негізгі бағыттар) бекітілсін.

2. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) үкіметтеріне, ұлттық (орталық) банктеріне макроэкономикалық саясатты жүргізу кезінде Негізгі бағыттарды ескеру ұсынылсын.

3. Еуразиялық экономикалық комиссия мүше мемлекеттермен бірлесіп, 2014 жылғы 14 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта көзделген, интеграциялық әлеуеті бар экономика салаларын, сондай-ақ оны пайдалануға бағытталған шараларды айқындау жөнінде ұсыныстар дайындасын.

4. Еуразиялық экономикалық комиссия Негізгі бағыттарды ескере отырып, мүше мемлекеттер экономикаларының даму көрсеткіштері мен деңгейіне, олардың интеграциялану дәрежесінің көрсеткіштеріне мониторинг жүргізсін.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес мүшелері:

<i>Армения</i>	<i>Беларусь</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Қырғыз</i>	<i>Ресей</i>
<i>Республикасынан</i>	<i>Республикасынан</i>	<i>Республикасынан</i>	<i>Республикасынан</i>	<i>Федерациясынан</i>

Жоғары Еуразиялық экономикалық
кеңестің
2015 жылғы 16 қазандағы
№ 28 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Еуразиялық экономикалық одақтың экономикалық дамуының НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

I. Жалпы ережелер

Осы құжаттың ұсынымдық сипаты бар және әр мүше мемлекеттің қосымша экономикалық әсер алуы мақсатында Одақтың интеграциялық әлеуеті мен мүше мемлекеттердің бәсекелік артықшылықтарын пайдалану есебінен Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер (бұдан әрі тиісінше – мүше мемлекеттер, Одақ) іске асыруға ұмтылатын әлеуметтік-экономикалық дамудың перспективалы бағыттарын айқындайды.

Осы құжат 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта (бұдан әрі – Одақ туралы шарт) көзделген салалық (секторлық) бағдарламалық құжаттармен өзара байланысты.

Осы құжатта Одақ құрамының өзгеру ықтималдығын және, тиісінше, мүше мемлекеттер ынтымақтастығының әлеуетті интеграциялық әсерлерін ескере отырып, Одақтың экономикалық дамуының негізгі бағыттарын (бұдан әрі – негізгі бағыттар) 2030 жылға дейінгі кезеңде іске асыру көзделеді.

II. Анықтамалар

Осы құжаттың мақсаттары үшін пайдаланылатын ұғымдар мынаны білдіреді:

"қосымша экономикалық әсер" – мүше мемлекет экономикасының жай-күйін сипаттайтын көрсеткіштер мәнінің жақсаруы және (немесе) тұрақтылығы, оның интеграциялық шаралар мен іс-қимылдарды іске асыру есебінен қол жеткізілетін дамуы мен орнықтылығы;

"интеграциялық іс-қимылдар" – интеграциялық шараларды іске асыруға бағытталған іс-қимылдар;

"интеграциялық шаралар" – мүдделі субъектілердің бірлескен (үйлестірілген, келісілген) қызметі;

"Одақтың интеграциялық әлеуеті" – интеграциялық процестер нәтижесінде туындайтын және пайдаланылуы мүше мемлекеттердің қосымша экономикалық әсер алуына ықпал ететін мүмкіндіктер жиынтығы;

"мүше мемлекеттің бәсекелік артықшылықтары" – мүше мемлекет экономикасының озыңқы дамуын қамтамасыз ететін және мүше мемлекеттің әрі тұтас Одақтың мүддесінде пайдаланылуы ықтимал қазіргі немесе келешек жағдайлар мен факторлардың жиынтығы;

"Одақтың бәсекелік артықшылықтары" – Одақтың экономикалық даму мақсатына қол жеткізу үшін пайдаланылуы мүмкін мүше мемлекеттердің бәсекелік артықшылықтарының жиынтығы;

"экономикалық даму бағыттары" – мүше мемлекеттер экономикаларының және тұтас Одақтың бәсекеге қабілеттілігін сипаттайтын және олардағы экономикалық ынтымақтастық экономикалық тұрғыдан орынды болатын бағыттар;

"интеграциялық әлеуетке ие экономика салалары" – интеграциялық шаралар мен іс-қимылдар экономикалық әлеуетін іске асыруға және (немесе) ұлғайтуға ықпал ететін және (немесе) мүше мемлекеттер экономикаларының басқа салалары үшін айтарлықтай жағымды мультипликативтік әсер жасайтын салалар, қызмет түрлері, экономика секторлары (оның ішінде әзірленуі Одақ туралы шартта көзделген құжаттарда айқындалатын).

Осы құжатта пайдаланылатын өзге ұғымдар Одақ туралы шартта айқындалған мәндерде қолданылады.

III. Мүше мемлекеттердің және тұтас Одақтың экономикалық дамуының сын-қатерлері мен тәуекелдері

Одақ әлемде елдер мен құрлықтар арасындағы экономикалық даму факторларының қайта бөлінуіне ықпал ететін экономикалық процестердің елеулі өзгерістері, экономикалық дамудың жаңа орталықтары, атап айтқанда, Азия мен Оңтүстік Америкада құрылуы орын алып жатқан кезеңде жұмыс істей бастады. Бұл жағдайларда жаһандық шешімдер қабылдау технологиясы өзгереді.

Сонымен бір уақытта мүше мемлекеттер мынадай жаһандық сын-қатерлерге кезігуде және перспективада да кезіге бермек:

жаһандық бәсекенің күшеюі, әлемдік экономикада мүше мемлекеттердің тиімді позиция алуы үшін тауарлық және географиялық нарықтардың азаюы, қолайсыз сыртқы конъюнктура;

әлеуметтік-демографиялық процестердің дамуына байланысты бірнеше келеңсіз трендтің өзара күшеюі, оның ішінде халықтың жас құрылымы мен санының, жұмыс күші теңгерімінің өзгеруімен күшеюі;

тәуекелдер көзі ретінде және экономикалардың дамуы үшін мүмкіндіктердің пайда болу факторы ретінде технологиялық дамудың жоғары маңызы;

мүше мемлекеттердің қазіргі бәсекелік артықшылықтарының біртіндеп таусылуы (ең алдымен экономикалардың шикізатқа бағдарлануына байланысты) және жаңа артықшылықтарды қалыптастыру қажеттігі.

Бұдан басқа, мүше мемлекеттердің экономикаларына теріс ықпал етудің дәстүрлі факторлары сақталып отыр және дағдарысты құбылыстардың таралу тәуекелі бұрынғысынша күшті, мұның өзі мүше мемлекеттердің орнықты экономикалық дамуына қауіп төндіруі мүмкін.

Қазіргі әлемдік сын-қатерлер мен үрдістерге, сондай-ақ экономикалық прогресс үшін ішкі шектеулерге қарамастан мүше мемлекеттер өздерінің экономикалық әлеуетін қалыптастыру және күшейту бойынша белсенді саясат жүргізіп келеді әрі одан әрі дамудың ұзақ мерзімді ұлттық стратегияларын іске асыруда.

Одаққа мүшелік мүше мемлекеттер экономикаларының қосымша орнықтылығы мен дамуын қамтамасыз ету факторы ретінде әрекет етеді және сонымен бір уақытта интеграциялық шаралар мен іс-қимылдардың арқасында көрсетілген сын-қатерлерге қарымта болып табылады.

IV. Одақты экономикалық дамытудың мақсаты мен міндеттері

Одақты экономикалық дамытудың ұзақ мерзімді кезеңдегі мақсаты мүше мемлекеттердің және тұтас Одақтың бәсекелік артықшылықтарын іске асыру есебінен

олардың сапалы әрі орнықты экономикалық өсуіне қол жеткізуге және оны қолдауға жәрдемдесу болып табылады.

Көрсетілген мақсатқа Одақта қол жеткізудің шынайылығы мынадай алғышарттармен айқындалады.

Біріншіден, мүше мемлекеттердің экономикалық саясатының ұзақ мерзімді ортақ бағдарлары (макроэкономикалық тұрақтылықты ұстап тұру және мүше мемлекеттер экономикаларының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату) дамудың барлық бағыттары бойынша интеграциялық (оның ішінде құрылымдық) шаралар мен іс-қимылдардың кең ауқымды кешенін іске асыру мүмкіндігін айқындайды. Оларды іске асыру ұлттық нысаналы бағдарлар басқа мүше мемлекеттердің мүдделеріне қайшы келмейтін жағдайларда осы бағдарларға қол жеткізуге жақындай түсуге, мүше мемлекеттердің алдында тұрған міндеттерді жоғары тиімділікпен орындауға және экономикалардың өсуі мен дамуының жаңа көздерін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Ұлттық даму басымдықтарындағы айырмашылықтар мүше мемлекеттер экономикаларының бір-бірін өзара толықтыруы үшін негіз болады.

Екіншіден, интеграциялық процестер бір-бірін толықтыратын тетіктер: тауарлар, қызметтер көрсету, капитал мен жұмыс күші қозғалысының еркіндігін (оның ішінде алып қоюларды, шектеулер мен кедергілерді қысқарту жолымен) қамтамасыз ету, Одақ туралы шарттың ережелеріне қайшы келмейтін үйлестірілген (келісілген, бірыңғай) саясат жүргізу арқылы ортақ (бірыңғай) нарық қалыптастыруға ықпал етеді.

Үшіншіден, экономикалардың мультипликативтік әсерді қамтамасыз ететін салаларының, сондай-ақ жаңа технологиялық құрылыстың сын-қатерлерін ескере отырып дамытылатын жаңа бағыттар мен салалардың зор интеграциялық әлеуеті бар. Сондай-ақ мүше мемлекеттер экономикаларының нарық ауқымы маңызды болатын салаларының барлығы дерлік қосымша дамытылатын болады.

Төртіншіден, мүше мемлекеттердің интеграциялық процестерге қатысуы мүше мемлекеттер өнімдерінің әлемдік нарыққа кіруінің шарттарын ырықтандыру және инвестициялар тарту үшін кәсіпкерлік ахуалды жақсарту мақсатында да жүзеге асырылады. Одақтың қазіргі бәсекелік артықшылықтары (аумақ мөлшері, нарық ауқымы, табиғи ресурстар, транзиттік әлеует, әлеуметтік-мәдени фактор) әлеуетті интеграциялық жобаларды ескере отырып, шетелдік және ұлттық инвесторлар үшін мүше мемлекеттер экономикаларының жоғары тартымдылығын қамтамасыз ете алады.

Мынадай міндеттерді бірлесіп шешу қазіргі сын-қатерлер мен мүмкіндіктер жағдайларында көрсетілген мақсатқа қол жеткізуді қамтамасыз етеді:

мүше мемлекеттер экономикаларының орнықтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша ұзақ мерзімді және орта мерзімді ұлттық мақсаттарға қол жеткізуге жәрдемдесу;

мүше мемлекеттер мен Одақтың бәсекелік артықшылықтарын іске асыру негізінде экономикалық дамудың қосымша көздерін қалыптастыру;

тауарлардың, қызметтер көрсетудің, капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалысы үшін алып қоюларды, шектеулер мен кедергілерді қысқарту арқылы мүше мемлекеттер экономикаларының өзара ашықтығы мен маңызын арттыру;

үшінші елдердің нарығында және халықаралық ұйымдарда мүше мемлекеттердің позициясын күшейтуге жәрдемдесу.

Көрсетілген мақсатқа қол жеткізу және алға қойылған міндеттерді шешу осы құжаттың V бөлімінде көрсетілген негізгі бағыттар бойынша интеграциялық әлеуеті бар, айқындау өлшемшарттары осы құжаттың

VI бөлімінде көзделген экономика салаларында интеграциялық шаралар мен іс-қимылдарды іске асыру есебінен қамтамасыз етілетін болады.

V. Экономикалық дамудың негізгі бағыттары

1. Макроэкономикалық орнықтылықты қамтамасыз ету

Макроэкономикалық орнықтылықты қамтамасыз ету қысқа мерзімді кезеңнің де, ұзақ мерзімді кезеңнің де міндеті болып табылады. Бұл міндетті шешу шаралары, құралдары мен тетігі құбылмалы жағдайларға бейімделгіш болуға тиіс. Екінші жағынан, олар ұзақ мерзімді даму шартына айналуға, басқа стратегиялық міндеттерге қайшы келмеуге тиіс.

Макроэкономикалық орнықтылыққа қол жеткізуді мүше мемлекеттердің экономикалық дамуының орнықтылығын айқындайтын макроэкономикалық көрсеткіштердің тұрақтылығы, жүргізілетін экономикалық саясаттың болжамдылығы қамтамасыз етіп, орын алған теңгерімсіздіктерге уақтылы ден қою үшін мүше мемлекеттерде жеткілікті ресурстар мен құралдардың бар-жоғы туралы түсінік береді.

Одақ туралы шартта көзделген макроэкономикалық көрсеткіштерді сақтау, макроэкономикалық теңгерімсіздіктердің алдын алу, макроэкономикалық талдау мен болжау аппаратын жетілдіру, өзара ықпал әсерлерін бағалау арқылы көрсетілген бағытты іске асыру келісілген циклге қарсы және ынталандырушы шараларды әзірлеумен толықтырылуы мүмкін.

Көрсетілген бағытты іске асыру бойынша мүше мемлекеттердің ынтымақтастығы, атап айтқанда технологиялық деңгейді дамыту мен жоғарылатуға және ұлттық өндіріс пен экспортты әртараптандыруға, төлем теңгерімдерін орнықты күйде және мүше мемлекеттердің экономикасындағы жинақтарды жеткілікті деңгейде ұстап тұруға, мүше мемлекеттердің сыртқы берешегін азайтуға және тұрақты төмен деңгейде ұстап тұруға ықпал етуге тиіс.

2. Іскерлік белсенділік пен инвестициялық тартымдылықты өсіру үшін жағдайлар жасау

Тәуекелдердің сақталуымен және жаһандық дамудағы белгісіздіктермен, аса маңызды тауар нарықтарының жоғары құбылмалылығымен, халықаралық бәсеке мен нарықтарға қолжетімділікті шектеудің күшеюімен сипатталатын әлемдік экономиканың қазіргі үрдістері мүше мемлекеттер үшін ішкі іскерлік белсенділік пен мүше мемлекеттердің өнімдеріне сұранысты ынталандыру міндетін өзекті ете түседі.

Инвестициялар мен бизнесті дамыту үшін тартымды бірыңғай экономикалық кеңістік қалыптастыру мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің арасындағы өзара іс-қимыл үшін қолайлы орта қалыптастыру, шаруашылық жүргізуші субъектілердің инвестициялық форумдар мен жәрмеңкелерге қатысуына жәрдемдесу, шаруашылық жүргізуші субъектілердің мүше мемлекеттердің аумақтарында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыруға және жүргізуге қосымша шығындануына әкеп соғатын кәсіпкерлік қызметті шамадан тыс реттеуді анықтау және қысқарту, мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының мемлекеттік функцияларды іске асыруы және мемлекеттік қызметтер көрсетуді ұсынуы кезінде тиімділікті жоғарылату әрі шығындарды қысқарту, шаруашылық жүргізуші субъектілерді және әлеуетті инвесторларды (оның ішінде үшінші елдерден) ақпараттық қамтамасыз ету деңгейін жоғарылату мақсатында интеграциялық шаралар мен іс-қимылдарды іске асыру жолымен де қамтамасыз етілуі мүмкін.

Мүше мемлекеттердің сыртқы экономикалық қызметінде "бірыңғай терезе" ұлттық тетіктерінің шеңберінде ақпараттық өзара іс-қимыл жасауды қамтамасыз ету және осы тетіктерді дамытудың үйлестірілген саясатын жүргізу интеграциялық құралдар болып табылады, бұл сыртқы экономикалық қызметпен байланысты мемлекеттік рәсімдер мен бизнес-процестерді жетілдіруге ықпал ететін болады.

Көрсетілген бағытты іске асыру тауарлардың, қызметтер көрсетудің, капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалысы үшін алып қоюларды, шектеулер мен кедергілерді қысқартумен, Одақтың трансшекаралық нарықтарында бәсекелестікті дамытумен, өзге де құқықтық, институционалдық және қаржылық жағдайлар жасаумен қоса жүреді.

3. Инновациялық даму және экономиканы жаңғырту

Қазіргі жағдайларда дамыған елдердің экономикалық өсуі ғылыми-техникалық әлеуеттің деңгейімен және ғылымды қажет ететін салалардың жетістіктерімен қамтамасыз етіледі.

Мүше мемлекеттердің инновациялық дамуының негізгі көрсеткіштерінің өзгеруі оң серпінді көрсетіп отыр, алайда перспективада әлемдік экономикада Одақ позицияларын күшейту үшін өсу қарқыны жеткіліксіз болып табылады. Мүше мемлекеттердің жалпы ішкі өнімдегі жоғары технологиялы экспорт үлесінің көрсеткіші төмен әрі бұл ретте бірқатар салалардағы ғылыми және өндірістік бәсекелік әлеуеті айтарлықтай жоғары.

Көрсетілген бағытты іске асыру бойынша мүше мемлекеттердің ынтымақтастығы инновациялық құрылымдық ілгерілеу үшін жағдайлар жасау бөлігінде ұлттық

жоспарлардың (бағдарламалардың, стратегиялардың, тұжырымдамалардың) іске асырылуын жеделдетуге (мүше мемлекеттердің экономикаларын жаңғырту, ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру мәселелерін қоса алғанда), инновациялық өнім және технологиялардың өндірісі мен экспорты көлемінің өсуіне, еңбек өнімділігінің озыңқы өсуіне, шаруашылық жүргізуші субъектілердің инновациялық, оның ішінде мүше мемлекеттерде шығарылған өнімге қызығушылығын арттыруға, экономиканың жоғары технологиялы секторларына инвестицияларды және осындай инвестициялардың өзін-өзі ақтау ауқымын ұлғайтуға ықпал етуге тиіс.

Экономикаларды инновациялық дамыту және жаңғырту үшін қажетті құқықтық, институционалдық, қаржылық жағдайлар жасау арқылы көрсетілген бағытты іске асыру кезінде интеграциялық шаралар мен іс-қимылдардың жаңа технологиялық құрылыстың қалыптасуына мүше мемлекеттердің белсенді қатысуына, экономикалық пайдалы әзірлемеге және бірлескен негізде инновацияларды енгізуге, бюджет қаражатын үнемдей отырып және мүше мемлекеттердің ғылыми-технологиялық әлеуетін өзара пайдалы негізде пайдалана отырып, интеграциялық бірлестік ішінде бірлесіп пайдалану үшін дамыған елдерден технологиялар трансферіне ықпал етуінің мүмкін екенін айғақтайтын әлемдік практиканы ескерген жөн.

4. Қаржы ресурстарының қолжетімділігін қамтамасыз ету және Одақтың тиімді қаржы нарығын қалыптастыру

Ұзақ мерзімді перспективада әлемдік қаржы жүйесінде жүйелі тәуекелдерді азайту және халықаралық стандарттар мен ең үздік әлемдік практикалар негізінде қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында қаржы ұйымдарының қызметін реттеу қатая түсетін болады. Мұндай жағдайларда қаржы нарығына қатысушылар санының азаю және инвесторлар үшін қаржы ресурстарына қолжетімділіктің күрделену тәуекелдері туындайды.

Қаржы нарықтары саласында үйлестірілген реттеу, келісілген валюта саясатын жүргізу, интеграцияланған биржа кеңістігін қалыптастыру жолымен, оның ішінде қаржы нарығына қатысушылардың өзара қолжетімділігін кеңейту (мүше мемлекеттердің қаржы нарықтарына инвесторлар мен кәсіпқой қатысушылардың тікелей қол жеткізуін қамтамасыз етуді қоса алғанда), бағалы қағаздары нарығының инфрақұрылымын реттеуді жетілдіру (оның ішінде бағалы қағаздарға құқықтарды есепке алу бөлігінде), мүше мемлекеттердің қаржы нарығында есеп айырысуды жүргізу жолымен мүше мемлекеттердің валюта-қаржы саласындағы ынтымақтастығының негізгі маңызы болды.

Қатысушылардың тауар нарықтарына тең әрі бәсекелі қол жеткізуін қамтамасыз етуге бағытталған биржа тауарларының интеграцияланған нарығын құру мүше мемлекеттер ынтымақтастығы құралдарының біріне айналуы мүмкін.

Көрсетілген ынтымақтастық тауарлар, қызметтер көрсету мен капитал қозғалысының еркіндігін, мүше мемлекеттердің үйлестірілген заңнамасының базасында қаржылық қызметтер көрсетудің алдыңғы қатарлы озық стандарттарымен Одақтың ортақ қаржы нарығын құруды, сондай-ақ жүйелі тәуекелдерді төмендету және инвестициялық мүмкіндіктер мен мүше мемлекеттердің қаржы саласындағы заңнамасының ашықтығын кеңейту есебінен мүше мемлекеттер экономикаларының инвестициялық тартымдылығының өсуін ынталандыратын болады.

Келісілген валюталық саясатты жүргізу мақсатында мүше мемлекеттер резиденттерінің өзара есеп айырысуында мүше мемлекеттердің ұлттық валюталарын пайдалануды кеңейтуді қамтамасыз ету үшін мүше мемлекеттер ұлттық валюталардың айырбас бағамының саясатын үйлестіру бойынша, оның ішінде бағамдық саясат іс-шараларын әзірлеу және үйлестіру мақсатында өзара консультациялар жүргізу бойынша шаралар қабылдайды.

Қаржы, ең алдымен кредит ресурстарының қолжетімділігі нақты сектор мен қызметтер көрсету саласын дамытудың қажетті шарты болып табылады және Одақ туралы шарт пен Одақ шеберіндегі халықаралық шарттардың ережелерін ескере отырып, экспортты дамыту жөнінде бірлескен шаралар қабылдауды (атап айтқанда экспортты сақтандыруды және оған кепілдік беруді, халықаралық лизингті) көздейді.

5. Инфрақұрылымдық даму және транзиттік әлеуетті іске асыру

Одақтың ортақ (бірыңғай) нарығын қалыптастыру үшін инфрақұрылымның негізгі маңызы болды. Тауарлар, қызметтер көрсету, капитал мен жұмыс күші қозғалысының еркіндігі инфрақұрылымның даму деңгейіне тәуелді.

Көрсетілген бағытты іске асыру бойынша мүше мемлекеттердің ынтымақтастығы мүше мемлекеттердің мүдделерінде инфрақұрылымдық объектілерді құруға және дамытуға ықпал ететін болады, теміржол, автомобиль, әуе және су көлігінің инфрақұрылымын дамыту, Одақтың транзиттік әлеуетін іске асыру бойынша ортақ мүдделерді ілгерілету мақсатында халықаралық алаңдарда келісілген ұстанымды әзірлеу, көлік пен кедендік құқықтық қатынастар жөніндегі көпжақты келісімдер мен конвенцияларда бекітілген халықаралық құқық қағидаттарын ескере отырып, мүше мемлекеттердің көлік саласындағы заңнамасын үйлестіру арқылы мүше мемлекеттердің көлік жүйелерін әлемдік көлік жүйесіне интеграциялау және мүше мемлекеттердің халықаралық ірі көліктік жобаларға қатысуын кеңейту мақсатында олардың стратегиялық транзиттік әлеуетін күшейтеді.

Көліктік әлеуетті іске асыру мәселелері көліктік инфрақұрылымды дамытумен шектелмейді. Бірыңғай көліктік кеңістік пен көліктік қызметтер көрсетудің ортақ нарығын құруды ынталандыру, көліктік қызметтер көрсетудің сапасын жоғарылату, көлік түрлерінің функционалдық мүмкіндіктерін ескере отырып, кедендік, шекаралық рәсімдер мен көліктік бақылау рәсімдерін жетілдіру басты рөл атқарады.

Болашақта көлік-логистикалық орталықтарды құру және дамыту мүмкіндігімен әлеуетті қажетті маршруттарда көлік дәліздерін қалыптастыру мүше мемлекеттер өнімінің бәсекеге қабілеттілігін, оның ішінде көліктік шығындарды (қаржылық және уақыт) төмендету, екі және одан көп мүше мемлекеттің аумағы арқылы транзитпен өтетін әрі жана, бұрын жүзеге асырылмаған тасымалдарды тартуға мүмкіндік беретін маршруттар учаскелерінде мүше мемлекеттердің тасымалдаушыларымен келісілген толассыз тарифтік мөлшерлемелерді қолдану есебінен арттырады. Мүше мемлекеттер бюджеттерінің кіріс бөлігіне түсімдерді ұлғайту да тиімді нәтиже болмақ.

Кедендік операцияларды жүзеге асыруды оңайлату, оңтайлы қисынды тізбектерді түзу, тауарларды мүше мемлекеттің аумағына әкелуге және осындай аумақтан әкетуге арналған келісімшарттарды орындау мақсатында сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың қаржы шығындарын қысқартуды қамтамасыз ету маңызды болып табылады.

6. Кадр әлеуетін дамыту

Инновациялық экономикада адами капитал экономикалық өсудің негізгі факторларының бірі болып табылады, оған көшу барлық мүше мемлекеттердің стратегиялық құжаттарында басымдық ретінде бекітілген.

Мүше мемлекеттерде және тұтастай әлемде көрсетілген бағытты іске асырудың өзектілігі біліктілігі жоғары еңбек ресурстары тапшылығының болжануымен, адами капитал резервін қалыптастырудың қажеттігімен, пәнаралық тәсілді пайдалануды және білімді ұдайы жаңартып тұруды талап ететін жоғары технологиялы секторлардың дамуымен, сондай-ақ мүше мемлекеттер халқының дамуы мен жайлы тұруы және адамдардың шығармашылық әлеуеті үшін жағдайлар жасау қажеттігімен байланысты. Көрсетілген факторлар еңбек өнімділігін дәйектілікпен арттыру үшін маңызды құрамдас бөліктер болып табылады.

Көрсетілген бағытты іске асыру қажетті құқықтық, институционалдық, қаржылық жағдайлар жасау, оның ішінде тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі саясатты үйлестіру, мүше мемлекеттердің еңбеккерлерін есепке алу және жұмыс күші қозғалысының мониторингі саласында өзара іс-қимыл жасау, әлемдік және ішкі еңбек нарықтарындағы, мүше мемлекеттердің экономикалары құрылымындағы өзгеріп тұратын үрдістерге уақтылы ден қою мақсатында еңбек нарығының тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету мәселелері бойынша ынтымақтастық жолымен қамтамасыз етілетін болады.

7. Ресурс үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру

Табиғи-климаттық жағдайларды және экономикалардың құрылымын ескере отырып, мүше мемлекеттердің энергияны көп қажет ететін экономикалары үшін шектеулі

болатын энергия тиімділігін жоғарылату ғана емес, табиғи және материалдық ресурстарды ұтымды әрі үнемді пайдалану деп түсінілетін ресурс үнемдеу де экономиканың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатудың перспективалы бағытына айналмақ.

Көрсетілген бағыттың өзектілігі қатаң бәсеке жағдайларында ішкі нарықта және үшінші елдердің нарықтарында өнімге қойылатын талаптардың қатая түсуімен де айқындалады. Тұтынушылардың хабардар болуын жоғарылату және электронды сауда алаңдарының дамуы трансшекаралық нарықтардағы бәсекенің ұлғаюына алып келеді. Мұның өзі тұтынушылар арасында сұранысқа ие болған өнімдердегі аздаған айырмашылықтардың өзі айтарлықтай бәсекелік артықшылық беруі мүмкін екенін білдіреді. Өнімнің бүкіл тіршілік циклі бойында ресурс үнемдеу және энергия тиімділігін жоғарылату (энергияны қажет етуді төмендету) арқылы шығындарды қысқарту осы жағдайларда ішкі нарық пен үшінші елдердің нарықтарында басым жағдайда қамтамасыз ететін факторлардың бірі болып табылады.

Бұдан басқа, мүше мемлекеттердің алдында қоршаған ортаға жүктемені төмендете отырып, тиімді пайдалану есебінен өз экономикалары мен халқының энергия жеткізгіштерге деген қажеттілігін қанағаттандыру міндеті тұр. Көрсетілген міндетті жаңартылатын энергия көздерін дамыту жолымен де шешуге болады.

Көрсетілген бағытты іске асыру, соның ішінде, әкелінетін және мүше мемлекеттердің аумақтарында айналысқа шығарылатын өнімге қойылатын энергия тиімділігі және ресурс үнемдеу жөніндегі бірыңғай талаптар мен стандарттарды әзірлеуді, энергия ресурстарын өңдеу ауқымын ұлғайту бойынша энергия тұрғысынан тиімді технологияларды әзірлеу мен коммерцияландыру үшін, қоршаған орта үшін теріс әсері барынша аз энергетикалық инфрақұрылым объектілерін салу үшін бірлескен ғылыми тұғырнама қалыптастыруды, энергия үнемдеуші өндірістік технологияларды өндіруді (үшінші елдерден импорттауды), энергия және ресурс үнемдеуші технологияларды, оның ішінде ең үздік әрі қолжетімді технологияларды қолдануды ынталандыруды, қалдықтарды өңдеу жүйесін жетілдіруді және қайталама шикізатты пайдалануды күшейтуді, сондай-ақ халықаралық стандарттарды ескере отырып, атом энергетикасы саласындағы жобаларды іске асыруға мүше мемлекеттердің қатысуын кеңейтуді қоса алғанда, экономиканың энергияны аз қажет ететін секторлары мен жаңартылатын және баламалы энергия көздерін дамытуды болжайды.

Мүше мемлекеттердің көрсетілген бағытты іске асыру бойынша ынтымақтастығы мүше мемлекеттер экономикаларының энергия мен ресурсты көп қажет етуін төмендетуге, өндірістердің бәсекеге қабілеттілігінің, оның ішінде олардың экологиялық құрамдас бөліктерінің өсуіне, атмосфераға зиянды шығарындыларды қысқартуға, энергия және ресурс үнемдеу саласындағы жұмыстар мен қызметтер көрсету нарығының дамуына, қалдықтарды қайта өңдеуге ықпал етуге тиіс.

8. Өңірлік даму (өңіраралық және шекара маңы ынтымақтастығы)

Негізгі бағыттарды іске асыру, оның ішінде нақты сектор мен қызметтер көрсету саласында іске асыру ұлттық экономикаларда маңызды рөл атқаратын және көп жағдайда интеграциялық өзара іс-қимыл деңгейін айқындайтын басқа мүше мемлекеттердің әкімшілік-аумақтық құрылыстарымен (бірліктерімен) ортақ шекарасы бар әкімшілік-аумақтық құрылыстарды (бірліктерді) қоса алғанда, мүше мемлекеттердің әкімшілік-аумақтық құрылыстарын (бірліктерін) біртіндеп тартуды талап етеді. Өзара сауданың, қызметтер көрсету алмасуының едәуір бөлігі мен қалыптастырылатын жалпы ішкі жиынтық өнімнің қомақты үлесі осындай әкімшілік-аумақтық құрылымдарға (бірліктерге) тиесілі.

Қазіргі уақытта мүше мемлекеттер арасындағы өңірлік ынтымақтастық екіжақты негізде іске асырылуда, бұл өзара сауданың дамуын қамтамасыз етеді. Сонымен бір уақытта өнеркәсіптік ынтымақтастық және өндірістік кооперация саласындағы өзара іс-қимылға Одақ шеңберінде көпжақты негіздегі ынтымақтастықтың өңірлік бастамаларының қолдауы, оның ішінде өзара іс-қимыл мен тәжірибе алмасу үшін жағдайлар жасау арқылы дамуға қосымша түрткі болуы мүмкін, бұл мүше мемлекеттердің тауарлар, қызметтер көрсету, капитал мен жұмыс күші нарықтарының өзара маңызының өсуіне, жаңа өндірістік байланыстарды қалыптастыруға, еңбек нарығының тиімділігін арттыруға және жаңа жұмыс орындарының (атап айтқанда шағын және орта бизнесте) құрылуына ықпал етеді.

9. Сыртқы сауда әлеуетін іске асыру

Жаһандану жағдайларында мүше мемлекеттердің экономикалық дамуы олардың тұрақты негізде, оның ішінде ішкі нарықта және үшінші елдердің нарықтарында бәсекеге қабілетті өнім өндіруді қарқындату және тауар ағындарын географиялық тұрғыдан әртараптандыру есебінен экономикаларды жаңғыртуды жүзеге асыруын, сондай-ақ үшінші елдермен және интеграциялық бірлестіктермен әріптестік қатынастарды қолдауды, экономикаларға инвестициялар тарту үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуді және транзакциялық шығындарды қысқартуды, оның ішінде сыртқы саудада қысқартуды көздейді.

Ішкі және сыртқы сұраныстың шектелуімен экономикадағы теңгерімсіздіктер мүше мемлекеттердің сыртқы және өзара саудасындағы өсу қарқынының баяулау үрдісін негіздеді.

Мүше мемлекеттердің экономикаларын жаңғыртуға қажеттілікті сақтау жағдайларында мүше мемлекеттер өнімдерінің баға жағынан бәсекеге қабілеттілігін оны өткізу кепілдігінің бірден-бір құрамдас бөлігі деп қарастыруға болмайды. Әлемдік

өткізу нарықтары үшін күшейіп келе жатқан бәсекелі күрес өндірілген өнімнің экспортын қамтамасыз етуді мүше мемлекеттердің экономикалық саясатының өзіндік тәсілдерімен және оны шешу құралдарымен бірге жеке міндетіне айналдырады.

Одақтың сыртқы сауда әлеуетін іске асыру, соның ішінде экономика салаларын дамытуды қолдауды, үшінші елдермен және олардың интеграциялық бірлестіктерімен, сондай-ақ халықаралық ұйымдармен өзара пайдалы ынтымақтастықты дамытуды көздейді. Бұл ретте Одақ тауарларын ілгерілетуді институционалдық, ұйымдық және ақпараттық-талдамалық қамтамасыз етуді Одақтың сыртқы саясатының маңызды бағыты деп таныған жөн.

Мүше мемлекеттер өндірушілерінің тауарлық және географиялық жаңа нарықтарды игеруі, сондай-ақ өңдеуші өнеркәсіп өнімдерінің (оның ішінде жоғары технологиялы тауарлардың) экспорттағы үлесін жоспарлы түрде жоғарылату Одақтың сыртқы сауда әлеуетін іске асыру жөніндегі неғұрлым өзекті міндеттер болып табылады.

Осыған байланысты Одақтың үшінші елдермен халықаралық ынтымақтастығын дамыту да зор маңызға ие. Мүше мемлекеттер мен Одақтың үшінші елдермен және олардың интеграциялық бірлестіктерімен халықаралық ынтымақтастығын диалогтық өзара іс-қимыл, сондай-ақ сауда-экономикалық ынтымақтастық мәселелері бойынша преференциялы емес және преференциялы келісімдер жасасу нысанында жүзеге асыру болжанып отыр. Мүше мемлекеттер мен Одақтың халықаралық сауда қағидаларын қалыптастыратын халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығының мақсаты мүше мемлекеттердің, олардың кәсіпкерлік қоғамдастығының және тұтынушылардың мүдделерін қамтамасыз ету болуға тиіс.

Одақ құзыретінің шеңберінде сыртқы экономикалық қызметті реттеуді көздейтін сауда саясатының элементтерін тиімді іске асыруды да қамтамасыз ету керек. Одақтың сыртқы сауда әлеуетін іске асыруға бағытталған қызмет мүше мемлекеттердің өнімін өткізу нарықтарын кеңейтуге және оның әлемдік нарықтағы үлесін ұлғайтуға, кооперациялық байланыстарды жолға қоюға және перспективалы жаңа әріптестермен өзара сауда көлемін ұлғайтуға, саудадағы шетелдік әріптестер мен әлеуетті инвесторлар тарапынан Одаққа деген сенімнің артуына, ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың дамуына, озық технологиялар мен ноу-хауды әзірлеуге және пайдалануға, мемлекетаралық өзара іс-қимылдың негізгі мәселелері бойынша ақпарат алмасуға, сондай-ақ бағалық емес басқа факторлар есебінен мүше мемлекеттер өнімінің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатуға ықпал ететін болады.

VI. Негізгі бағыттарды іске асыру

Негізгі бағыттарды іске асыру бір-бірін толықтыратын мынадай:

тауарлар, қызметтер көрсету, капитал мен жұмыс күші қозғалысының еркіндігін қамтамасыз ету, оның ішінде шектеулер мен кедергілерді қысқарту жолымен қамтамасыз ету;

Одақ туралы шартқа сәйкес, оның ішінде интеграциялық әлеуеті бар экономика салаларында үйлестірілген (келісілген, бірыңғай) саясатты жүргізу тетіктерімен қамтамасыз етіледі.

Бірыңғай экономикалық кеңістіктің болуы экономикалардың тұрақты өсуі үшін жағдайлар жасуға, өндірістердің өсуі мен дамуына, сауда ағындарының еркін қозғалысы мен бейімделуіне, ұйымдар (пайда және инвестиция орталықтары, еңбек ресурстары) орналастырылатын жерлерді таңдауға, сондай-ақ трансшекаралық нарықтардағы бәсекенің дамуына және бәсекелестікті қорғаудың тиімді құралдарын пайдалануға ықпал ететін болады. Алып қоюларды, шектеулерді және кедергілерді қысқарту мүше мемлекеттер юрисдикцияларының бәсекесін күшейтеді, бұл тұтастай алғанда әрбір мүше мемлекеттің және жалпы Одақтың инвестициялық және іскерлік ахуалына оң әсерін тигізеді.

Одақ туралы шартқа сәйкес үйлестірілген (келісілген, бірыңғай) саясатты жүргізу кешенді шараларды іске асыруға, дағдарысты құбылыстарды қоса алғанда, сыртқы келеңсіз құбылыстарға тәуелділік деңгейін қысқартуға және мүше мемлекеттердің орнықты экономикалық өсу тәуекелдерін төмендетуге мүмкіндік береді, мұның өзі ұзақ мерзімді ұлттық бағдарларға қол жеткізуді ынталандырып, экономикалық ынтымақтастықты, тиісті өндірістік тізбектер құруды және басқаларын жеңілдетеді.

Негізгі бағыттарды іске асыру ұлттық стратегиялық міндеттерді шешуге бағытталмаған қаржыландыруды талап етпейді.

Көрсетілген тетіктерді іс жүзінде қолдану қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңдерде іске асырылатын іс-шаралар кешені арқылы жүзеге асырылатын болады. Одақ туралы шартта ынтымақтастық туралы уағдаластықтарға қол жеткізілген экономика салаларының ерекшеліктерін ескере отырып, әрбір мүше мемлекеттің қосымша экономикалық әсер алуының мүмкіндіктері мен шарттарын айқындайтын бірқатар құжаттарды әзірлеу көзделген.

Негізгі бағыттарды іске асыруға бағытталған интеграциялық шаралар мен іс-қимылдар макроэкономикалық саясаттың негізгі бағдарларында көрсетіледі. Негізгі бағыттардың іске асырылу барысы туралы ақпарат алу мақсатында Еуразиялық экономикалық комиссия мен мүше мемлекеттер мониторингті жүзеге асырады.

Негізгі бағыттардың іске асырылу мониторингінің шеңберінде Одақтың экономикалық дамуының 2030 жылға дейінгі ұзақ мерзімді болжамын нұсқа (сценарий) негізінде дайындауға болады, онда интеграциялық ынтымақтастықтың макроэкономикалық нәтижелері бағаланбақ.

Туындайтын экономикалық сын-қатерлерге уақтылы ден қою үшін жеткілікті ресурстар мен құралдардың мүше мемлекеттерде бар-жоғын көрсететін макроэкономикалық көрсеткіштер мәнінің оң өзгеруі және (немесе) тұрақтылығы мүше мемлекеттердің келісілген макроэкономикалық саясат жүргізуі шеңберінде қамтамасыз етілетін болады. Бұл ретте интеграциялық іс-қимылдарды келеңсіз экономикалық

құбылыстарды анықтауға және олардың алдын алуға, олардың мүше мемлекеттердің экономикалары үшін салдарын жұмсартуға бағыттау ұсынылады.

Мүше мемлекеттердің экономикалық даму көрсеткіштері мәнінің оң өзгеруі және (немесе) тұрақтылығы мүше мемлекеттер мен тұтастай Одақ экономикаларының бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын бағыттар бойынша, сондай-ақ интеграциялық әлеуеті бар, дамуына мүше мемлекеттер мүдделілік танытатын экономика салаларында алып қоюларды, шектеулер мен кедергілерді қысқарту, үйлестірілген (келісілген, бірыңғай) саясат жүргізу арқылы қамтамасыз етілетін болады.

Одақ туралы шартта көзделген интеграциялық әлеуеті бар экономика салаларын анықтау мақсатында мүше мемлекеттер мен Одақтың экономикалық дамуының мақсаттары мен міндеттеріне сай келетін өлшемшарттар қолданылуы мүмкін. Мұндай өлшемшарттарға мыналар жатады:

бірқатар экономика салаларында (мысалы, энергетика, қаржылық, ақпараттық, көліктік қызметтер көрсету және т.б.) мультипликативтік әсерінің болуы және (немесе) оны қалыптастыру әлеуеті, бұл олардың өзінің дамуын қамтамасыз етіп қана қоймай, экономиканың басқа салаларының жедел дамуы үшін қолайлы жағдайлар да жасайды;

мүше мемлекеттердің кооперациясы есебінен, оның ішінде ішкі тұтынуда үшінші елдерден әкелінетін өнім импортының үлесі жоғары экономика салаларында импортты алмастырудың жоғары өзектілігі және (немесе) әлеуеті;

үшінші елдерге экспортты ұлғайтудың және әртараптандырудың жоғары әлеуеті, бұл өткізу және маркетингтік саясат бөлігіндегі кооперацияны және қазіргі заманғы технологияларды енгізуді қолдауды қоса алғанда, экономиканың тиісті салаларын дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау бойынша мүше мемлекеттердің іс-қимылын үйлестіру бөлігінде интеграциялық өзара іс-қимылдың мүмкіндігін айқындап береді;

мүше мемлекеттер экономикаларының мамандануы және олардың бәсекелік артықшылықтарын іске асыру есебінен ішкі нарыққа тауарларды және қызметтер көрсетуді жеткізуді ұлғайту перспективалары, бұл басқа мүше мемлекеттерде ұқсас өнім өндірісіне тыйым салуға ұмтылуды білдірмейді, алайда өндіріс факторларын неғұрлым тиімді компанияларға қайта бөлуге ықпал етеді және мүше мемлекеттер экономикаларының ортақ тиімділігін арттыруға алып келеді;

қосылған құн жасаудың халықаралық өндірістік тізбектеріне және Одақ шеңберіндегі өндірістік тізбектерге мүше мемлекеттердің қатысуының және олардың қатысуын кеңейтудің перспективалары, бұл әлемдік қосылған құн жасаудағы мүше мемлекеттердің рөлін арттыруды қамтамасыз етеді;

куып жетіп даму тұжырымдамасынан бас тарту және жаңа технологияларды жалпы әлемдік көрсеткіштерді басып озу қарқынымен жасау мен тарту ("болашақтың салаларын" қалыптастыру) есебінен интеграциялық күш-жігерді мүше мемлекеттердің экономикаларын дамытуға шоғырландыру мүмкіндігі;

мемлекеттік реттеудің және (немесе) мемлекеттік қатысудың жоғары дәрежесі, бұл интеграциялық шаралар мен іс-қимылдарды тікелей іске асыруға және айтарлықтай экономикалық әсер алуға мүмкіндік береді.

Экономиканың жекелеген салалары бірден бірнеше өлшемшартқа сәйкес келуі мүмкін, бұл олардың интеграциялық дамуының жоғары әлеуетін сипаттайды.

VII. Одақтың экономикалық дамуының әлеуетті интеграциялық әсері

Жаһандық экономикадағы өңірлерге бөлу процестері бірыңғай экономикалық кеңістікте күш-жігер орталығын ("Меншікті күш-жігер орталығы" сценарийі) – инновациялардың, инвестициялардың, біліктілігі жоғары кадрлардың және әлемдік нарықтарда бәсекеге қабілетті өнімдер өндірісінің тартылыс орталығын дәйектілікпен құру үшін қолайлы жағдайларды қалыптастырады, мұның өзі ұзақ мерзімді перспективада мүше мемлекеттердің экономикалық өсу сапасын жақсарту үшін жағдайлар жасауды болжайды. Интеграциялық құралдар мен тетіктерді пайдалану экономикалық даму бағыттарын жалпы жүйемен іске асыруды, сондай-ақ экономиканың шикізат емес секторларындағы ынтымақтастықты жандандыруды қамтамасыз етеді. Болашақтың салаларын қалыптастыру үшін жағдайлар жасау, ресурстарды адами капиталды дамытуға шоғырландыру, өндірістерді жаңғырту, мүше мемлекеттердің халқы тұратын қолайлы ортаны қалыптастыру, технологиялық зерттеулер жүргізу, оларды коммерцияландыру үшін қажетті қаржы ресурстарының қолжетімділігін қамтамасыз ету ерекше рөл атқаратын болады.

Көрсетілген сценарийді іске асыру мүше мемлекеттерге бәсекеге қабілетті өнім өндіру және ішкі нарық пен үшінші елдердің нарықтарында өткізу есебінен өзінің әлемдік экономикадағы үлесін жоғарылатуға, экспортты әртараптандыруға және мұнай-газдан басқа экспорттың көлемін ұлғайтуға, үшінші елдерден импортталатын тауарлар мен қызметтер көрсетуден тәуелділікті төмендетуге, сауданы құру әсерін, ауқымның тиімділігінен, технологиялық тиімділіктен болатын үнемдеуді қамтамасыз етуге, халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейін жоғарылатуға мүмкіндік береді.

Интеграцияның ағымдағы және ең жоғары деңгейі сценарийлерінің арасындағы айырма ретінде айқындалатын Одақтың экономикалық даму деңгейіне интеграция ықпалының әлеуетті әсері ("Ұзартылған кво-дәреже" және "Меншікті күш-жігер орталығы") ағымдағы бағамен 210 млрд. АҚШ доллары шегінде немесе 2012 жылғы бағамен сатып алуы қабілетінің барабарлығы бойынша 140 млрд. АҚШ доллары шегінде бағаланады.

2030 жылға қарай мүше мемлекеттер үшін Одаққа қатысудың әсері жалпы ішкі өнімнің қосымша өсімінің 13 пайызына дейін жетеді деп бағаланып отыр.

Мүше мемлекеттердің интеграциялық ынтымақтастығы, оның ішінде Одақ тұтынушыларының ішкі өндірушілердің бәсекеге қабілетті өніміне қайта бағдарлануының нәтижесінде импорт алмастыру деңгейіне айтарлықтай ықпал етуі

мүмкін. Нәтижесінде, өзара сауданы өсірудің әлеуетті интеграциялық әсері ең алдымен аралық тұтыну тауарлары үшін неғұрлым маңызды (өсім тұтастай Одақ үшін 80 пайызға дейін құрауы мүмкін).

Еркін сауда аймағының және Кеден одағының жұмыс істеуі шеңберінде сауда ағындарын қайта бөлу есебінен (сауданы алмастыру әсері) өзара сауданың өсуі түріндегі интеграциялық әсер айтарлықтай мөлшерге жеткенін атап өткен жөн. Тиісінше, синергетикалық әсерлерді (ауқым бойынша үнемдеу, технологиялық әсер, сауда-саттықты құру) іске асырған жағдайда, сондай-ақ алып қоюларды, шектеулер мен кедергілерді жою жөніндегі жұмыс табысты жүргізілген жағдайда өзара сауданы айтарлықтай өсіруге болады.

Ортақ (бірыңғай) нарық құру және интеграциялық жобаларды іске асыру үшінші елдерден тікелей шетелдік инвестицияларды тарту үшін жаңа мүмкіндіктер беретін болады, бұлар 2030 жылға дейінгі кезеңде жиынтық интеграциялық әсерде маңызды рөл атқармақ. 2030 жылға қарай үшінші елдерден түсетін тікелей шетелдік инвестициялардың қосымша ағыны 90 млрд. АҚШ долларына жетуі мүмкін. Бұл ретте мүше мемлекеттердің жалпы ішкі өніміндегі өзара инвестициялардың үлесі біртіндеп ұлғайып, үшінші елдерден келетін инвестициялардың үлесі төмендейтін болады.

Ішкі және сыртқы факторлар Одақтың жұмыс істеуі шеңберінде экономикалық дамудың негізгі бағыттары бойынша интеграциялық ынтымақтастықтың жылдамдығы мен тереңдігіне, сондай-ақ нақты сектор мен қызметтер көрсету саласындағы интеграциялық процестердің қарқындылығы мен сипатына ықпал етуі мүмкін. Көрсетілген факторлар өзге сценарийлерді (мысалы, "Транзит-шикізат көпірі" сценарийі немесе "Ұзартылған кво-дәреже" сценарийі") іске асыруға алып келуі мүмкін.

"Транзит-шикізат көпірі" сценарийі Одақтың географиялық орналасуын және қолда бар шикізат базасын (жаңартылатын және жаңартылмайтын табиғи ресурстарды) барынша пайдалануды көздейді. Өңірлік күш-жігер орталықтарының (мысалы, Еуропалық Одақтың және Азия-Тынық мұхиты өңірінің) өзара іс-қимыл жасауы интеграцияны тереңдетуге түрткі болады, аталған орталықтар шеңберінде еуразиялық кеңістік табиғи ресурстарды тасымалдау мен өнім транзиті үшін, сондай-ақ көліктік күре жолдарға таяу өңдеуші өндірістерді дамыту үшін неғұрлым тартымды бола түсуде.

Көрсетілген сценарийді іске асыру транзиттік әлеуетті дамыту бағыты бойынша, оның ішінде шикізатты тасымалдау мен өнім транзитінің, сондай-ақ тиісті қызметтер көрсету саласын ынталандыру мақсатында көліктік дәліздерді қалыптастыру, бірлескен инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру жолымен интеграциялық ынтымақтастықты айтарлықтай жандандыруды көздейді.

Одақтың экономикалық дамуының өзге бағыттарын іске асыру негізінен айтарлықтай мультипликативтік әсері бар салаларда: энергетика мен өндіруші

өнеркәсіпте, оның ішінде табиғи ресурстарды игеруге қолжетімділікті ішінара ырықтандыру, бірыңғай өткізу арналарын қалыптастыру, ресурстарды өндіру мен өңдеу жөніндегі қазіргі заманғы технологияларды бірлесіп дамыту әрі пайдалану және энергетикалық машина жасау жолымен жүргізіледі.

Көрсетілген сценарий тиімді транзиттік дәліздерді құруға кедергі келтіретін қазіргі алып қоюларды, шектеулер мен кедергілерді барынша жедел жоюды, сондай-ақ тиісті процестерді басқару жүйесін құруды көздейді.

Мұндай жағдайда интеграциялық әсер "Меншікті күш-жігер орталығы" сценарийін іске асырудың әлеуетті әсерінен біршама төмен болуы мүмкін. Негізгі интеграциялық әсерлер жүктерді жеткізуді жеделдету, тиісті рәсімдерді барынша оңайлату есебінен мүше мемлекеттердің аумағы арқылы жүк тасымалын ұлғайтудан көрінетін болады. Мүше мемлекеттердің жалпы ішкі өніміндегі көліктік қызметтер көрсетудің үлесі өсетін болады. Көрсетілген сценарий, сондай-ақ шикізат ресурстарының экспортын географиялық әртараптандыруды, өндіруші салаларға, сонымен қатар олармен байланысты өңдеуші өнеркәсіп салаларына инвестициялардың өсуін қамтамасыз етеді.

"Ұзартылған кво-дәреже" сценарийінің шеңберінде мүше мемлекеттердің экономикалары ішкі және сыртқы факторлардың ықпалымен мейлінше тәуелсіз әрекет ететін болады. Бұл жағдайларда мүше мемлекеттердің экономикалық дамуы жоғары емес, тең мәнді экономикалық даму қарқынын қамтамасыз ететін өзіндік дәстүрлі өсу көздеріне негізделеді, инфрақұрылымдық шектеулер сақталады.

Көрсетілген сценарий жаңа алып қоюларды, шектеулер мен кедергілерді ескере отырып, қол жеткізілген интеграциялық уағдаластықтарды іске асыруды көздейді. Бұл ретте жаңа синергетикалық әсерлер (ауқымдағы үнемдеу, технологиялық әсер, сауда-саттықты құру) ауқымды сипат алмайды.

Нәтижесінде, "Ұзартылған кво-дәреже" сценарийінің шеңберінде мүше мемлекеттердің экономикалары үшін маңызды жиынтық интеграциялық әсер негізінен 2025 жылдан кейінгі кезеңге тұспа-тұс келетін болады (Одақ туралы шартта көзделген барлық өтпелі ережелерді орындау аяқталғаннан кейін).

Негізгі бағыттар экономикалық интеграцияны одан әрі тереңдетуді және мүше мемлекеттер экономикаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажеттігін ескере отырып әзірленген, осыған байланысты мүше мемлекеттерді "Меншікті күш-жігер орталығы" сценарийі бойынша дамыту перспективалы болып табылады.